

МОДАЛЬДЫҚ ҚАНДАЙ КАТЕГОРИЯ?

Тілімізде субъектінің айтылған пікірге субъективтік бағасын, қатынасын білдіретін формалар модальдық категорияның қатарында айтылып жүр. Модальдық категорияның жалпы теориялық негіздері орыс тіл білімінде академик В.В.Виноградов еңбектерінде кең қамтылған. Ғалымның «іс-әрекеттің ақиқат болмысқа қатысын айтушының көзқарасы тұрғысынан көрсету» деп берген анықтамасы ғылымда модальдықтың негізгі белгісі болып қалыптасты.

Модальдық категориясы тілдің коммуника-тивтік табиғатымен байланысты ұғым. Қарым-қатынастың құралы болу тілдің басты қызметі болса, сөйлем – сөйлеудің басты тұлғасы, аяқталған тиынақты ойды білдіреді, ақиқат болмыстағы адам таныған оқиға-құбылысты хабарлап қана қоймай, оған айтушының бағасын да білдіреді. Әдетте, айтушының бағасы әр түрлі болып келеді.

Модальдық кез келген тілдегі сөйлемге тән белгі. «Пікірдің ақиқат болмысқа қатысын білдір-мейтін сөйлем ешбір тілде болуы мүмкін емес. Сөз, сөз тіркесі, сөз тіркестерінің тобы әлі сөйлем емес, тек оған пікірдің болмысқа қатысын білді-ретін тілдік белгілер тән болғанда ғана, ол сөйлем бола алады. Модальдық дегеніміздің өзі – осы. Ол әрбір тілде тұрақты, арнайы құрылымдық тәсілдер арқылы беріледі» [1; 54].

Кейбір зерттеушілердің ойынша модальдық туралы мұндай түсінік тым жалпы және кең ау-қымды қабылданады, предикативтік модальдықтан тыс қалып жатады немесе модальдықтың ау-қымына еніп кетеді. Алайда предикативтік пен модальдық екеуі екі түрлі ұғым. Олардың ара қатынасы бүтіннің бөлшекке қатысы іспеттес. Бұл жөніндегі В.В.Виноградовтың сипаттамасын Н.Г.Агазаде де құптайды:

«Модальдық категориясы предикативтік категорияның берілуіндегі бір сыңары. Модальдық предикативтікке қарағанда жұмсалыу көлемі тар әрі оған бағынышты» [2; 35]. Олай болса, предикативтік категориясы модальдық, шақ және жақ категорияларына жіктеледі әрі сол категориялар арқылы жүзеге асады. «Осы категориялар ғана пікір алмасудың басты тұлғасы ретінде сөйлемге нақтылық және өзектілік береді» [3; 80].

Ал Д.В.Сапарованың зерттеу жұмысында осыған қатысты пікір қайшылығы кездеседі. Бірқұрамды атаулы сөйлемдерде предикат болмағанмен, оларға модаль мән тән болып келеді. Модальдық формалар қатыспағанмен, атаулы сөйлемдерде модаль мәнінің болуының өзі түгел модальдық категориясының предикативтілікке қарағанда ауқымдырақ екенін білдіреді деген пікір бар. Алайда бұл пікірге келісе қою қиын. Өйткені, «Атаулы сөйлемдерде

бастауыш-баяндауыш болып құралатын предикативтіктің өзі бар. Ол ойды болмысқа шақ, жақ тұрғысынан қатыстырып білдіреді», – деген Р.Әмірдің кесімді пікірі осы ойымызға дәлел бола алады [4; 92].

Ә.А. Тавтыбаева осы төңіректе былайша тұжырымдайды:

«Ең бастысы – предикативтілік сөйлемнің мағыналық топтарға бөлінуіне әсер етпейді, ал модальділік сөйлемнің типтік жағынан түрленуіне әсер етеді» [5; 159].

Тілде модальдық пен эмоциялық, экспрессивтіліктің қарым-қатынасы нақтыланбаған. Кей зерттеушілер адамның ақиқат болмыстағы оқиға мен құбылыстарға эмоциялық, экспрессивтік қарым-қатынасын модальдықтың қатарында, екеуін бөлмей, бірге қарастырады.

В.В.Виноградов сөйлеудегі бұл екі түрлі қабат адам санасындағы тығыз байланысына қарамастан, екі түрлі сипатта өтеді дейді. Ақиқатқа адамның сезім арқылы реакция білдіруі мен ақиқатқа қатысты пікірдің модальдық бағасын анық ажыратып қарау керектігі туралы айтады. Өзін қоршаған ақиқат, болмысқа өзінің көзқарасын білдіру үшін адам танымды эмоция арқылы қабылдайтыны рас. Алайда эмоциясыз оның ақиқатты іздеуі де мүмкін емес. Яғни эмоциялық пен модальдық қатар жүретін ұғымдар.

Кейде екі категорияның тығыз байланысы екеуінің арнайы грамматикалық формалары болуына қарамастан, бір лексика-грамматикалық бірліктер арқылы бір мезгілде беріліп жатады. Мысалы, жұрнақтар, модаль сөздер мен демеуліктер арқылы. Бұл, бір жағынан, екі категорияның өзара байланысынан болса, екінші жағынан, екеуі бір мезгілде қатар жұмсалуына қарамастан, алдымен бағалауыштық тұрғыда модальдық қатынас қабылдануы керек. Содан кейін ғана ақиқат болмыстағы құбылыстарға адам сезімінің көрінісі ретінде эмоциялық, экспрессивтілік жұмсалады. Сондықтан да олар қатар келгенмен, әр түрлі қабаттарда өтеді. Оның үстіне эмоциялық психологиялық категорияның бір тармағы болғандықтан, қалай болғанда да екеуін бір деп қарау – негізсіз.

Әр тілде модальдық қарым-қатынас пен модальдық мағынаны білдіретін түрлі тілдік бірліктер бар. Модальдық мағына интонациялық, морфологиялық, лексикалық және лексика-грамматикалық тәсілдер арқылы беріледі.

Айтылған тәсілдердің ішінде етістіктің рай формалары арқылы модальдықтың берілуі оның басты көрінісі болып табылады. Себебі онда тұрақталған,

қалыптасқан, етістіктің арнайы морфологиялық аффикстері бар. Рай жұрнақтары – модальдықты білдірудің ең басты белгісі. Етістік райын модальдықтың грамматикалық негізі деп қабылдау керек. Өйткені рай жұрнақтары арқылы модальдық абстракты, әрі форма мен мазмұн тұрғысынан жалпыланған түрде қабылданады. Ал модальдықтың лексикалық тәсілі оған қарағанда жылжымалы болып келеді.

А.Ысқақов «модальдық» терминіне «арайлық» деген баламаны ұсынады: «Сөйлеушінің я жазушының көңіл қошының осындай сәттері модальдық (арайлық) реңк деп аталады» [6; 310].

Ол тілдегі бір-біріне қатысты модальдық мағыналардан жалпы грамматикалық модальдық категориясы құралатынын айтады. Және ол жалпы грамматикалық категория болғандықтан, модальдық мағыналар синтаксисте де, морфологияда да ұшырасады. Сөйлем модальдылығы синтаксисте арнайы қаралады да, морфологиядағы модальдық етістіктің рай формалары арқылы жасалады дейді.

Сырт қарағанда, модальдық пен рай бір ұғым ретінде қабылдануы да мүмкін. Бірақ мүлде олай емес. Рай категориясына қарағанда, модальдық категорияның ауқымы кең, жұмсалу мүмкіндігі де мол. Модальдықтың сөйлеуде де, сөйлемде де, жеке сөздерде де үлесі бар. Ал рай етістік сөздерге ғана тән болып келеді. Қазақ тіл білімінде рай мен модальдықтың тілдегі үлессалмағына қатысты С.Исаев мынандай сипаттама берген:

«Рай категориясы етістіктің модальдық мәнінің бірден-бір грамматикалық көрсеткіші бола тұрса да, етістіктің барша модальдық мәнін толық қамти алмайды. Оның үстіне сөйлем модальдығы тағы бар. Ол да рай категориясымен байланысты болғанымен, етістіктің рай категориясының шеңберіне сыя бермейді. Мысалы: *адам-су, жетім-сіреу, білгіш-сіну, жұр-іңкіреу, кел-гіштеу* т.т.с сөздерге модальдық реңктер үстелген. Негізгі етістік пен модаль сөздердің тіркесуінен құралған тіркесті түбір етістіктер де модаль мәндеріне ие: *барған (-атын)* сияқты, *айтуың керек* (қажет, мүмкін, тиіс) т.б. Бұлардың модальдық мәні күмән тудырмайды, бірақ рай категориясының ауқымына енбей жүр. Себебі:

1. модаль мән, реңк тудыратын қосымшаларда категориялық сипат жоқ, барлық етістікке я оның белгілі бір грамматикалық тобына әрдайым жүйелі түрде жалғана алмайды;
2. олардың көпшілігінің сөзжасамдық қасиеті бар;
3. негізгі етістік пен модаль сөздің көмекші

мәнде тіркесуі етістік табиғатында таза грамматикалық категория емес, лексика-грамматикалық құбылыс ретінде жеке қаралуға тиіс» [7;192].

Тілдік модальдықты ғалымдар рай қосымшалары және сөйлем арқылы – 2 түрлі жолмен беріледі дейді. Модаль сөздер, қыстырма сөздер, одағайлар, демеуліктер, интонация – бәрі сөйлемге тән деп қаралатын болғандықтан, бұлар модальдықтың берілуінің 2-жолына (сөйлемге) жатады. «без модальных отношений не существует никакой речи, т.к. речь, как способ общения между людьми, не может быть без содержания, без говорящего (или пишущего) и без собеседника», – деген қорытындыны ескерсек, модальдық кез келген сөйлемге тән болып шығады [3; 83].

Н.Сауранбаев модальдық пен райдың арасында абсолюттік толық сәйкестік жоқ екенін айтады. Райда модаль мәні, реңкі бола тұра, екеуі бір емес, дербес категориялар. Ал Н.Оралбаеваның пікірінше, рай – қимылдың шындық өмірге қатысын сөйлеуші тарапынан білдіреді, ал модальдық – сөйлеушінің қимылға көзқарасын білдіреді. Модальдықты объективті және субъективті деп қарастыруды ескерсек, онда рай объективті модальдыққа сәйкес келеді.

Ал рай категориясын сөйлемнің предикативтік әрі модальдық ыңғайда құрылуының бір шарты деп қарасақ, онда рай субъективті модальдықпен де сәйкес келе береді. Демек, рай формалары объективтік те, субъективтік те модальдық көрсеткіші қызметінде жұмсалады. Олай болса, райдың негізі – модальдық. Рай сол модаль мәнді туғызатын етістік тұлғаларының жүйесінен құралады. Сондықтан да рай етістікке ғана тән болса, модальдық түгел сөйлемге тән. Модальдықтың райдан гөрі ауқымы да кең, мүмкіндігі де мол дейтініміз сондықтан.

Кеңес дәуіріне дейінгі түркітану әдебиетте-рінде модаль сөздер өз алдына жеке қарастырылмаған, тек үстеулер мен септеуліктер қатарында ғана айтылған. Олардың өзі жекелеген зерттеулер мен грамматика оқулықтарының көлемінен аспаған. Олардың қатарында І.К.Кеңесбаев, С.А. Аманжолов, Н.Т.Сауранбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаевтардың деректерін айтамыз.

Қазақ тіл білімінде модаль сөздерді арнайы зерттеу Е.Жанпейісовтің 1958 ж. қорғалған кандидаттық диссертациясынан басталады. Ал О. Төлегеновтің кандидаттық диссертациясында жай сөйлем модальдығы зерттелген. Қ.Мамадиловтың зерттеу жұмысының нысаны – модаль мәнді етістіктер (аналитикалық форманттар). Соңғы жылдары қорғалған С.Құлмановтың кандидаттық дис-

сертациясы мүмкінділік модальдығын жаңа бағыт – функционалды грамматика аясында зерттеген тың дүние болды.

Е.Жанпейісовтің айтуынша, рай тек етістікке ғана тән, ал модальдық түгел сөйлемге тән. Сондықтан да ғалым: «Рай формалары модаль сөздерге синоним бола алмайды», – деп түйіндейді [8; 6]. Модаль сөздер де лексикалық мағынаның грамматикалануы арқылы модаль мәнің тууынан жасалған.

Модальдық төңірегіндегі түсінік рай, сөйлем, предикативтік, шақ ұғымдарымен қатар жүреді. Модальдықты білдіретін тілдік құралдар: модаль мәнді сөйлемдегі интонация, модаль мәнің эмоциялықпен байланысы, шақ пен рай тәрізді морфологиялық тәсілдер, модаль сөздер тәрізді лексикалық тәсілдер және демеуліктерге дейін қамтитын синтаксистік тәсілдер. Модальдықтың бұндай ерекшелігі оны тілдің әрі лексикалық, әрі грамматикалық, әрі просодикалық тұлғаларына ие «ұғымдық категория» деп тануға негіз болды.

Тілде морфологияға да, синтаксиске де тән пікірді білдірудің лексикалық әрі просодикалық құралдарына ие бола алатын «әмбебап» категория болуы мүмкін емес. Тілдегі бірліктерді анықтауда тіл деңгейлерінің иерархиялық қатынасын сақтау керек деген қағидамен И.Б.Хлебникова модальдықты семантикалық категорияға жатқызады: «Модальность – это семантическая категория, это вид значения или комплекс значений, имеющий разные рефлексы в языке» [8; 357].

Ш.Балли идеяларының әсерімен В.В.Виноградов та «О категории модальности и модальных словах в русском языке» деген мақаласында модальдықты тілдік, оның ішінде семантикалық категорияға жатқызған. Ал Б.В.Хрычиковтың докторлық диссертациясында модальдық көп мағыналы функционалды-семантикалық категория деп танылған.

Модальдықтың қандай категорияның қатарында қарастырылуы жөнінде Ә.А.Тавтыбаеваның көзқарасы функционалды бағытқа жақындайды. Автордың өз сөзімен берсек: «Тіл білімінде әртүрлі дәрежедегі категория деген ұғым кездеседі, сол себепті модальдық мәселесіне де осы тұрғыдан келген дұрыс деп ойлаймыз. Әртүрлі дәрежедегі категориялар ұғымын ұсынған авторлар әртүрлі дәрежедегі тәсілдер (түбірлер, қосымшалар және тағы басқа грамматикалық формалар) толыққанды категорияны құрайды дейді, дегенмен, міндетті түрде олар бір ұғым қатарына жатуы керек деген шарт қойылады.

Әртүрлі категориялар мазмұны дегеніміз – бір-бірінен ерекшеленетін, соған қарамастан жалпы

ұғымның астында топтастырылған грамматикалық және лексикалық мағыналарды қамтитын семантикалық сала» [5; 157-158].

Зерттеуші «міндетті түрде бір ұғым қатарына жатуы керек» деген шартпен модальдылықты функционалды-семантикалық категория деп таниды. «Модальдылық – сөйлем мазмұнына қатысын білдіретін функционалды-семантикалық категория» [5; 158].

Модальдық категориясы – синтаксис категорияларының бірі, тілдің негізгі коммуника-тивтік тұлғасы – сөйлемге негіз болады. Қазақ тіл білімінде Р.Әмірдің, О.Төлегеновтің еңбектері осы ұстанымда зерттелген. Модальдық грамматиканың аясында қаралуға тиіс. Грамматиканың зерттеу нысанының аясында логикалық категорияның жымдасып келуі екеуінің өзара байланысынан болса, екінші жағынан, екі категорияның ара жігінің дұрыс ажыратылмауынан туады. Әуел баста логика-психологиялық бағыт қалыптасады да, логикалық категориялар грамматикалық категориялармен қоса қарастырылады. Бір бағыттың ізімен зерттелген ұғым уақыт өте келе зерттеуде қиындық туғызады.

Модальдыққа қатысты көлемді еңбектердің жазылуы тілдегі модальдық категориясына байланысты тың ойларға, зерттеулерге шек қоя алмайды. Ол мүмкін емес, өйткені таным үдерісінің өзі шексіз, ал зерттеу пәні келе-келе соны тілдік деректермен толығы түседі.

Тілдің дамуы, бара-бара әдеби және сөйлеу

формаларының қарым-қатынас барысындағы тығыз байланысы, функционалды стильдердің қалыптасуы синтаксистің ілгері қарыштауына, модальдықты білдіру құралдарының нақтылана түсуіне негіз болады.

ӘДЕБИЕТ

1. *Виноградов В.В.* О категории модальности и о модальных словах в русском языке. М., 1972.
2. *Агазаде Н.Г.* К вопросу о категории наклонения и модальности в современном азербайджанском языке. Баку, 1975.
3. Грамматика русского языка, синтаксис. М., 1960.
4. *Әмір Р.С., Әмірова Р.Ж.* Жай сөйлем синтаксисі. Алматы: Санат, 1998. 192-б.
5. *Тавтыбаева Ә.А.* Сөйлемнің басты белгілері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. Алматы, 2007. № 3 (102), 156-159-бб.
6. *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1992. 354-б.
7. *Исаев С.М.* Қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, 1990.
8. *Жантеисов Е.* Модальные слова в современном казахском языке. Алма-Ата, 1958. 18 с.
9. *Хлебникова И.Б.* Еще раз о модальности в грамматике. М., 1989.